

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 22 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 мамырда № 6366 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2019 жылғы 7 ақпандағы № 252 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 07.02.2019 № 252 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 139-бабының 9-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс*

*сессияның төрағасы*

*Аудандық*

*мәслихаттың хатшысы*

*Т. Ибрашев*

*С. Сапабеков*

"Таран ауданы әкімдігінің  
экономика және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
б а с ш ы с ы  
В. Ересько

"21" сәуір 2016 жыл

